

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің кейбір бұйрықтарына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 28 қазандағы № 4-6/954 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 2 желтоқсанда № 12335 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2021 жылғы 16 ақпандағы № 44 бұйрығымен.

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 16.02.2021 № 44 (01.01.2022 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мақта саласын дамыту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2015 жылғы 21 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің өзгерістер мен толықтыру енгізілетін кейбір бұйрықтарының тізбесі осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Өсімдік шаруашылығы өнімдерін өндіру мен қайта өңдеу департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесінің мерзімді баспа басылымдарында және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға жіберілуін;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің интернет-ресурсында және мемлекеттік органдардың интранет-порталында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Ауыл шаруашылығы министрі

А. Мамытбеков

"КЕЛІСІЛГЕН"

Қазақстан Республикасының

Ұлттық экономика министрі

_____ Е. Досаев

2015 жылғы 3 қараша

Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы министрінің
2015 жылғы 28 қазандағы
№ 4-6/954 бұйрығына
қосымша

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің өзгерістер мен толықтыру енгізілетін кейбір бұйрықтарына тізбесі

1. "Мақта нарығына мониторинг жүргізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 26 маусымдағы № 4-1/582 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11902 болып тіркелген, 2015 жылғы 10 қыркүйекте "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған):

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Мақта нарығына мониторинг жүргізу қағидаларында:

5-тармақтың б) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"б) мақта өңдеу ұйымдарының, мақта тазалау зауыттарының, мақта дайындау ұйымдарының және мақта қабылдау пункттерінің саны;"

6-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"6. Мақта нарығына қатысушылар Заңның 16-бабы 2-тармағына сәйкес уәкілетті органмен бекітілетін есепке алу құжаттарының нысандары және есептілікті ұсыну мерзімдері (бұдан әрі – есептілік нысаны) бойынша айына бір рет, есепті айдан кейінгі айдың 10-күніне дейін ауданның жергілікті атқарушы органына мынадай:

1) мақта нарығына қатысушыларда шитті мақта мен оны бастапқы қайта өңдеу өнімдерінің бар-жоғы және қозғалысы туралы;

2) мақта дайындау ұйымдарында шитті мақтаның қозғалысы және мақта өңдеу ұйымдарында шитті мақта мен оны бастапқы қайта өңдеу өнімдерінің қозғалысы туралы;

3) мақта дайындау ұйымдарындағы шитті мақтаның сапалық жай-күйі және мақта өңдеу ұйымдарындағы шитті мақта мен оны бастапқы қайта өңдеу өнімдерінің сапалық жай-күйі туралы ақпарат береді.";

2. "Шитті мақтаның сапасына сараптама жүргізу және шитті мақтаның сапасы туралы куәлік беру қағидаларын, шитті мақтаның сапасы туралы куәліктің нысанын (үлгісін) және мақта талшығының сапасы паспортының

нысанын (үлгісін) бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 30 наурыздағы № 4-5/280 бұйрығында (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12152 болып тіркелген, 2015 жылғы 29 қазанда "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған):

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Шитті мақтаның сапасына сараптама жүргізу және шитті мақтаның сапасы туралы куәлік беру қағидаларында:

2-тармақ мынадай мазмұндағы 1-1) тармақшамен толықтырылсын:

"1-1) мақта дайындау ұйымы – шитті мақта сатып алуды және дайындауды жүзеге асыратын заңды тұлға;"

10-тармақтың бірінші бөлімі мынадай редакцияда жазылсын:

"Сынамаларды іріктеуді зертхана (орталық) маманы өтініш берушінің немесе оның өкілінің және мақта дайындау немесе мақта өңдеу ұйымы өкілінің қатысуымен жүргізеді.";

Қағидалардың 1, 2, 3-қосымшалар осы тізбеге 1, 2, 3-қосымшаларға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

3. "Мақта өңдеу ұйымын уақытша басқаруды жүргізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 7 шілдедегі № 4-5/612 бұйрығында (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12039 болып тіркелген, 2015 жылғы 15 қазанда "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған):

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Мақта өңдеу ұйымын уақытша басқаруды жүргізу қағидаларында:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы Мақта өңдеу ұйымын уақытша басқаруды жүзеге асыру қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Мақта саласын дамыту туралы" 2007 жылғы 21 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі – Заң) сәйкес әзірленді және мақта өңдеу ұйымын уақытша басқаруды жүргізу тәртібін айқындайды.";

2-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"2. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар қолданылады:

1) мақта қолхаттары бойынша міндеттемелердің орындалуына кепілдік беру қоры – мақта өңдеу ұйымдарының өздері берген мақта қолхаттары бойынша міндеттемелерін орындамауынан мақта қолхаттарын ұстаушылардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауды қамтамасыз ету мақсатында өз қызметін жүзеге асыратын заңды тұлға;

2) мақта қолхатын ұстаушы – мақта өңдеу ұйымына шитті мақтаны сақтауға және (немесе) бастапқы өңдеуге; мақта талшығын және мақта тұқымын сақтауға берген мақта иесі; мақта қолхатында индоссамент жасалған жағдайларда – индоссат;

3) мақта өңдеу ұйымы – меншік құқығында мақта тазалау зауыты бар, мақта қолхаттарын беру арқылы шитті мақтаны бастапқы өңдеу және қойма қызметі бойынша қызметтер көрсететін заңды тұлға;

4) мақта өңдеу ұйымын уақытша басқару (бұдан әрі – уақытша басқару) – мақта өңдеу ұйымының мақта қолхаттары бойынша өз міндеттемелерін орындау қабілетін қалпына келтіруге бағытталған әкімшілік, заңдылық, қаржылық, ұйымдастыру-техникалық және басқа іс-шаралар мен рәсімдер кешенін мәжбүрлеп жүргізу;

5) мақта саласын дамыту жүйесіндегі уәкілетті орган (бұдан әрі – уәкілетті орган) – Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын, мақта саласындағы мемлекеттік реттеуді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган;

6) уақытша әкімшілік – мақта қолхаттарын ұстаушылардың, уәкілетті органның немесе оның аумақтық бөлімшесінің, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың жергілікті атқарушы органының (бұдан әрі – ЖАО), мақта өңдеу ұйымының, мақта өңдеу ұйымы қатысу шартын жасасқан мақта қолхаттары бойынша міндеттемелердің орындалуына кепілдік беру қорының өкілдерін қамтитын, уақытша басқарудың қолданылуы кезеңінде мақта өңдеу ұйымын басқаруды жүзеге асыратын алқалық орган;

7) уақытша басқару жөніндегі комиссия – ЖАО қалыптастыратын, уәкілетті органның немесе оның аумақтық бөлімшесінің, ЖАО-ның өкілдерін қамтитын, уақытша әкімшіліктің қызметін бақылауды жүзеге асыратын алқалық орган.";

5-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"5. Уақытша басқаруды енгізу туралы шешім қабылдау үшін мына негіздердің кем дегенде біреуінің болуы жеткілікті:

1) Заңның 24-бабында көзделген тәртіппен мақта қолхатын ұстаушының алғашқы талабы бойынша мақта беруден бас тартудан көрінген шитті мақтаны мақта талшығына бастапқы өңдеу жөніндегі шарттық міндеттемелердің жүйелі түрде (қатарынан күнтізбелік алты ай ішінде екі және одан да көп рет) тиісінше орындалмауы;

2) мақта қолхаттарымен қамтамасыз етілген мақта мөлшерінің сақтаудағы мақтаның нақты мөлшерінен артық болуы фактісінің анықталуы."

Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы министрінің
өзгерістер мен толықтыру енгізілетін
кейбір бұйрықтарының тізбесіне
1-қосымша

Шитті мақтаның сапасына сараптама
жүргізу және шитті мақтаның сапасы
туралы куәлік беру қағидаларына
1-қосымша

20__жылғы " __ " _____

Шитті мақтаның сапасына сараптама жүргізуге №__ өтінім

Өтініш беруші _____

Мекенжайы _____

Телефон, факс _____

_____ мақта дайындау немесе мақта өңдеу ұйымында сақтаулы,
(атауы)

_____ арналған,
(мақсаты көрсетілсін)

салмағы _____

тонна

(жазбаша)

шитті мақта партиясының сапасына сараптама жүргізуді өтінемін.

Сынақтар мынадай сынақ көрсеткіштері мен әдістері бойынша жүргізіледі:

(көрсеткіш атауы) (стандарттың нөмірі және күні) (норма)

Өтініш беруші _____

(қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (жеке басын

куәландыратын құжатта бар болса)

Мөр орны (бар болғанда)

Зертхана (орталық) маманы _____ орындауға жіберілді.

(тегі, аты, әкесінің аты (жеке басын куәландыратын құжатта бар болса)

Орындалуы туралы белгі: _____

Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы министрінің
өзгерістер мен толықтыру енгізілетін
кейбір бұйрықтарының тізбесіне
2-қосымша

Шитті мақтаның сапасына сараптама
жүргізу және шитті мақтаның сапасы
туралы куәлік беру қағидаларына
2-қосымша

Нысан

20 _____ жылғы " _____ " _____ № _____ сынамаларды іріктеу актісі

Шитті мақтаның сапасына сараптама жасау жөніндегі жұмыстар жүргізуге зертхана (орталық) мен өтініш беруші арасында жасалған 20 _____ жылғы " _____ " _____ № _____ шарт (келісімшарт) негізінде, мен, _____ шитті мақтаның сапасына сараптама (зертхана (орталық) атауы) жүргізу жөніндегі маманы _____

— (тегі, аты, әкесінің аты (жеке басын куәландыратын құжатта бар болса) _____

қатысуымен

(өтініш берушінің, мақта дайындау немесе мақта өңдеу ұйымы өкілінің тегі, аты, әкесінің аты (жеке басын куәландыратын құжатта бар болса) _____

_____ қолданыстағы стандартқа сәйкес (стандарттың № мен күні)

шитті мақтаның сынамаларын іріктеп алдым.

Шитті мақтаның тұрған жері _____

— (мақта дайындау немесе мақта өңдеу ұйымының атауы)

Шитті мақта партиясының № _____

— (жазбаша)

Партия салмағы _____

тонна

(жазбаша)

Іріктелген сынама саны _____ дана

(жазбаша)

Іріктелген сынама салмағы, кг _____

(жазбаша)

Сынамаларды іріктеу күні мен уақыты: 20 _____ жылғы " _____ " _____ сағат _____ минут

Зертхана (орталық) маманы: _____

(қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (жеке

басын куәландыратын құжатта бар болса)

Мақта дайындау немесе мақта өңдеу ұйымының өкілі: _____

(қолы)

(тегі, аты, әкесінің аты (жеке басын куәландыратын құжатта бар болса)
Өтініш беруші: _____

(қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (жеке басын
куәландыратын құжатта бар болса)

Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы министрінің
өзгерістер мен толықтыру енгізілетін
кейбір бұйрықтарының тізбесіне

3-қосымша

Шитті мақтаның сапасына сараптама
жүргізу және шитті мақтаның сапасы
туралы куәлік беру қағидаларына

3-қосымша

Нысан

Шитті мақта сынамаларын тіркеу журналы

№	Күні	Өтініш беруші	Сынамаларға іріктеу жүргізілген мақта дайындау немесе мақта өңдеу ұйымының атауы	Партия салмағы, тонна	Сынамаларды іріктеу актісінің № мен күні	Сынаманы іріктеген маманның қолы
1	2	3	4	5	6	7